

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ПСИХОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ

Факультеттің Ғылыми Кеңес мәжілісінде
Бекітілді
Факультет деканы
_____ Б.Б. Мейірбаев

ЖАС ЕРЕКШЕЛІК ПСИХОЛОГИЯСЫ ПӘНІ БОЙЫНША
ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ
6 кредит, 2 курс, қазақ бөлімі, көктемгі семестр

Алматы, 2026

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын дайындаған жалпы және қолданбалы психология кафедрасының аға оқытушысы Аязбаева Б.Б.

Кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды.

«___»_____2026ж., хаттама №

Кафедра меңгерушісі _____Нурмаханбетов А.Л.

Кіріспе

Пән бойынша қорытынды емтихан түрі – жазбаша (offline). Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және СӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. Емтиханға дайындық барысында курстың негізгі теориялық мазмұнын, терминология мен әдістерді де қайталау қажет.

Емтихан өткізу ерекшеліктері: емтихан барысында студент емтихан сұрақтарына белгіленген кестеге сәкес, жазбаша жауып береді. Жоғары ажыратымдылықтағы бейнекамералары бар және дыбыс жазылатын аудиториялар мен дәріс залдарында offline режимінде өтеді, сондай-ақ емтихан жұмыстарын шифрлау және дешифрлау арқылы жүргізіледі.

Оқыту нәтижелері:

Курсты оқу нәтижесі бойынша бакалавр қабілетті болады:

- қазіргі ғылымдар жүйесінде жас ерекшелік психологиясының алатын орны, пәні мен ерекшеліктерін зерттеулердегі негізгі бағыттарды заңдылықтарын түсіну;

- жас ерекшелік психологиясының теориялық, практикалық зерттеулер бойынша аналитикалық шолулар әзірлеу, тұлғаның даму теорияларын зерттеу негізінде психикалық дамудың заңдылықтары туралы теориялық білімдерін зерттеудің әлеуметтік-психологиялық әдістері мен әсер ету тәсілдерін қолдану;

- психологиядағы жас периодизациясы мәселесі және балалар психологиясының қалыптасуы негізінде тұлғаның «психологиялық портретін» түсіндіру және сараптау;

- бала психологиясының дамуындағы биогенетикалық және социогенетикалық бағыттарын зерттеу үшін психодиагностикалық әдістерін талдау;

- тұлғааралық қарым-қатынастың жастық ерекшеліктерін талдау арқылы картаюдың биологиялық, әлеуметтік критериялары мен факторларын психотехнологияларды пайдалану модельдеріне психологиялық бағдарлама құрастыра алу;

Емтиханды өткізу формасы

СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША.

Жазбаша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін автоматты түрде құруды қамтиды. Білім алушыға мәтінді берілген сұрақтар бойынша ауызша жауап қалыптастыру қажет.

Оқытушы Univer АЖ (univer.kaznu.kz) сұраулығына пән бойынша әзірленген емтихан сұрақтарын жүктейді.

Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

Бірінші блокқа оқыту объектісін білу мен түсінуді бағалайтын когнитивті (білімділік) құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл студенттердің оқыту аймағындағы алдыңғы қатарлы білімді түсіну мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

Екінші блокқа ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл студенттердің зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу және мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

Үшінші блокқа ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік құзыреттілік мәселелері кіреді. Мұнда студенттердің пікірлерді дәлелдеу, эссе жазу, шығарма жазу қабілеттері бағаланады.

Пәннің мақсаты - психологияның әртүрлі тұжырымдамаларында, теориялары мен парадигмаларында бағдарлану қабілетін қалыптастыру, сонымен қатар кәсіби және әлеуметтік қызметте заманауи психологияның жетістіктерін қолдану. Пән қазіргі жас ерекшелік психологиясының негіздеріне, оның категориялық аппаратына, проблемалық өрісі, теориялық және әдіснамалық негіздерін меңгеруге бағытталған.

Пән бойынша қорытынды емтихан 15 апталық оқытудан кейін жүргізіледі. Емтихан түрі – жазбама.

Емтихан тапсыруға дайындалуға арналған тақырыптар:

1. Жас ерекшелік психологиясының психологиясының пәні, міндеттері, салалары.
2. Психикалық дамудың заңдылықтары.
3. Сензитивтік кезеңнің және жетекші іс-әрекеттің әлеуметтік жағдайының даму түсінігі.
4. Психологиядағы жас периодизациясы мәселесі
5. Баланың психикалық дамуындағы дағдарыстардың мәнін түсіну.
6. Тұлғаның онтогенездегі психикалық дамуы мен қалыптасуы
7. Нәрестелік шақтағы қабылдау мен есту процестерінің ерекшеліктері. Нәрестелік шақтағы сөйлеу мен ойлау ерекшеліктері.
8. Эксперименталдық балалар психологиясының дамуы.
9. Рекапитуляция теориясы балалар психологиясындағы алғашқы теориялық тұжырымдама (С.Холл, Д.Болдуин).
10. Балалар дамуының үш сатысы теориясы.
11. В.Штерннің бала дамуын түсіндірудегі екі фактордың конвергенциясы теориясы.
12. Э. Эриксонның тұлға дамуының эпигенетикалық теориясы мен 8 сатысы.
13. Женева генетикалық психология мектебінің зерттеулері.
14. Гуманистік даму психологиясы – балалар психологиясындағы жаңа парадигма (К.Роджерс) теориялары.
15. Француз генетикалық психология мектебінің зерттеулері.
16. Ерте балалық шақтағы заттық іс-әрекеттің мақсаты, оның даму сатылары.
17. Ерте балалық шақтағы танымдық процестердің дамуы.
18. Іс -әрекеттің әртүрлі формаларының және мектепке дейінгілердің ересектермен, құрбыларымен қарым- қатынас формаларының даму ерекшеліктері.
19. Бала дамуындағы ойынның (Штерн, Адлер, Д.Эльконин) рөлін анықтаңыз.
20. Мектепке дейінгі балалардың танымдық процестерінің дамуы.
21. Ерте балалық шақ (1-3 жас). Л.С.Выготский бойынша 3 жас дағдарысы.
22. Биогенетикалық және социогенетикалық бағыттар.
23. Жеті жастағы дағдарыс ұғымы. Бастауыш мектеп жасындағы баланың ақыл-ойы мен мінез-құлқының дамуы.
24. Мектептегі алғашқы теориялық ойлаудың (Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов) қалыптасуы.
25. Жасөспірім кезеңнің сипаттамасы. Жасөспірім жасындағы жетекші іс -

әрекет түрі.

26. Баланың мектепке психологиялық дайындық мәселесі.

27. Бастауыш мектеп жасындағылардың дамуының жалпы шарты. Оқу іс-әрекеті кіші мектептегілердің жетекші іс-әрекеті ретінде.

28. Жасөспірім жасының дағдарысы мәселесін шетел және кеңес психологиясында зерттеу.

29. Ерте жастық шақ психологиясы.

30. Кемелдену жасы. Кемелденуге өтудің жалпы шарттары. Кемелдену кезеңінің әлеуметтік мәні.

Дайындалуға ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Жақыпов С.М. Жалпы психологияға кіріспе. –Алматы, Қазақ университеті 2014.-196с.
2. Жақыпов С.М. Жалпы психология негіздері: дәрістер курсы. - Алматы, 2018.- 159с.
3. Намазбаева, Ж.Ы. Жалпы психология: оқулық/ - Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ, 2015.-294.
4. Жарықбаев, Қ. Жантануға кіріспе. - Алматы: "ИНФОРМ - АРНА", 2019.- 187.
5. Жұбаназарова Н.С. Жас ерекшелікпсихологиясы. Оқулық. МОН РК «Қ а з а қ университеті» 2020ж. 253с.
6. Ильин Е.П. Психология общения и межличностных отношений– СПб.: Издательский дом Питер, 2014. – 576с.
7. ЛисинаМ.И.Проблемы онтогенеза общения. М., 2021.-185с.
8. Э.Берн Игры, в которые играют люди.2016– 576 с.
9. Обухова Л.Ф.Детская психология.М., 2010.-276с.
10. Эльконин Д.Б.Избранные психологические труды.М., 2011.-382с.

Интернет-ресурстар

1. <http://www.psychology.ru>
2. <http://www.flogiston.ru>
3. <http://www.colorado.edu/VCRResearch/integrity/humanresearch/CITI.htm>
4. CyberBear(<http://cyberbear.umt.edu>)

БАҒАЛАУ САЯСАТЫ
ВАК/МАГ/ДОС СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША

№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% (27-30 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
1 сұрақ 30 балл	Курс теориясы мен тұжырымдамаларын білу және түсіну	«Өте жақсы» деген баға сұрақтың жан-жақты түсіндірмесі, әрбір қорытынды мен мәлімдеме үшін егжей-тегжейлі дәлелі бар, логикалық түрде құрастырылған және әзірленген тақырыптардан мысалдармен расталған жауап үшін қойылады.	«Жақсы» деген баға сұрақтың толық, бірақ толық емес қамтылуын, негізгі ережелердің қысқартылған аргументтерін қамтитын және материалды беру логикасы мен реттілігін бұзуға мүмкіндік беретін жауапқа қойылады. Жауапта стильдік қателер мен терминдерді дұрыс қолданбауы кедергі келтірмейді.	«Қанағаттанарлық» бағасы билетте ұсынылған сұрақтарды толық қамтымаған, негізгі ойларды үстірт дәлелдейтін, баяндаудағы композициялық теңгерімсіздіктерге, материалды баяндау логикасы мен реттілігін бұзуға жол берген жауапқа қойылады. Әзірленген жазбаларынан мысалдармен теориялық ойлары көрсетілмейді.	Қойылған сұрақтарды дұрыс қамтымау, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытындыны болжау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу...; Қорытынды бақылауды өткізу ережесін бұзу.
2 сұрақ 35 балл	Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, содан кейін курстың практикалық мәселелерін шешу;	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, толық емес, курстың практикалық мәселелерін толық шешпей қойылған сұраққа дәлелді жауап беру; курс бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыз пайдалану;	Материал фрагменттелген, логикалық дәйектілікті бұза отырып, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, курстың теориялық білімі үстірт қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі немесе жеткілікті ойластырылмаған жауап жоспары; тапсырмаларды шеше алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындау; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктердің болуы.	Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды және нәтиже жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

№	Критерий/балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% (36-40 балл)	70–89% (35-28 балл)	50–69% (27-20 балл)	25–49% (19-10 балл)	0–24% (0-9 балл)
3 сұрақ 35 балл	Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі	Ғылыми ұстанымды және қолданылған әдістеме мен технологияны дәйекті, қисынды және дұрыс негіздеу, сауаттылық, ғылыми тіл нормаларын сақтау, жалпы дұрыс тұжырымдарға әсер етпейтін материалды ұсынуда 1-2 дәлсіздікке жол беріледі (+графикалық деректер арқылы негіздеу нәтижелерін визуализациялау).	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жақсы жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер бар, сонымен қатар практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлдік жок	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі-100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 30 балл, екінші сұраққа-35 балл, үшінші сұраққа - 35 балл.